

**ҚР Жоғарғы сотына
Алматы облыстық сотына**

С.С.Курманбекованың сенімді
өкілі - Ж.С.Сапархановадан
Алматы қаласы

Алғыс хат

2019 жылдың 24 шілдесінде Алматы облысы Панфилов аудандық сотында 2016 жылдан, яғни 3 жылдан бері келе жатқан даулы іске, талапкер С.С.Курманбекованың жауапкер Б.Д.Муродовқа ортақ мүлікті бөлу туралы азаматтық ісіне, нүкте қойылды.

Аталған азаматтық істі судья Құйқабаева Динара Бекеновна қарап, аталған талап арыз талаптары ішінара қанағаттандырылып, осы азаматтық іс бойынша заңды, негізді шешім шығарылды. Екі жақ тарап та аталған шешімге қанағаттанып, өз ризалықтарын білдіріп жатты.

Аталған азаматтық істі 4 ай бойы қараған судья Д.Б. Құйқабаева Ханым азаматтық істі жан-жақты, объективті қарап, заңды және негізді шешім шығарды деп білеміз.

Судья үшін әрбір қараған ісінің нүктесін қою, шешімін шығару оңайлыққа түспесі анық. Ал, судья болып шешім шығару - адамнан үлкен жауапкершілікті, тыңғылықты жұмысты, зерделік пен парасаттылықты, адалдық пен ұстамдылықты, көрегенділікті талап етеді.

Осы аталған қасиеттердің барлығы Алматы облысы Панфилов аудандық сотының судьясы Құйқабаева Динара Бекеновнаның бойынан табыла білді. Оның аянбай еткен еңбектерінің жемісі деп білеміз.

Сондықтан да, Алматы облысы Панфилов аудандық сотының судьясы Құйқабаева Динара Бекеновнаның адамгершілік пен азаматтықтығына алғысымызды білдіре отырып, істі заңды, әрі әділ түрде қарағаны үшін ҚР Жоғарғы соты, Алматы облыстық соты, Алматы облысы Панфилов аудандық соты басшылығы тарапынан алғыспен марапаттауды сұраймыз.

Талапкер С.С.Курманбекованың сенімді өкілі: Ж.С.Сапархановадан